



1931 жылдың 4 қазанынан
бастап шығады

ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИ

• МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

Кінәлілер жазадан құтылмайды

Қарағанды облысының балаларға арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығында балалардың жаппай улану дерегі тіркелді. Бір бала көз жұмды, алты бала жансақтау бөлімінде жатыр. Оқиғаға байланысты Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният 1 тамыз күні облысқа арнайы келді. Сол күні өңірлік коммуникациялар қызметінде облыс әкімінің қатысуымен брифинг өтті.

лардың биологиялық талдаулары алынды, оның ішінде, қайтыс болған баланың да деректері медициналық сараптамаға жіберілді. Оның нәтижесі 1-2 аптадан 1 айға дейін созылуы мүмкін, – деді Ажар Ғиният.

нара Закиева да арнайы келді. Брифингке қатысқан балалар омбудсмені жансақтау бөлімінде жатқан балалардың арасында жетім балалар да бар екенін айтты.

– Бұл – қиын жағдай. Бүгінде улану себептерін анықтау үшін жұмыс жүріп

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

13 адам қызметтен шеттетілді

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев әуелі қайтыс болған баланың отбасына қоңіл айтты.

– Әлеуметтік желіде оқиға жайлы ақпарат кеш берілді деген пікір тарап жатыр, – деді брифингте Ермағанбет Бөлекпаев. – Бұл ретте айтарым, 30 шілде күні екі бала, 31 шілдеде тағы он бала ауруханаға түскен. Хабар айтылған сәттен бастап, біз арнайы комиссия құрып, оқиғаның себептерін анықтауға кірістік. Мен өзім ауруханаға барып, балалардың жағдайын біліп қайттым. Қылмыстық іс қозғалды. Іс Қарағанды облысы прокуратурасының арнайы прокурорларының бақылауында.

Аймақ басшысы балаларға арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы директорының міндетін атқарушы мен 12 қызметкері жұмыстан шеттетілгенін де жеткізді. Ал, орталық директоры Айман Жағыпарова 24 шілдеден бері еңбек демалысында екені мәлім болды.

– Олардың орнына басқа мекемелерден медициналық қызметкерлер тартылды. Сонымен бірге, орталықтағы 147 баланың денсаулығын бақылап, тексеріп отыру үшін медициналық бригадалар да келді. Орын алған оқиға жасырын қалмайды. Кінәлілер заң бойынша жазаға тартылады. Қазір біз үшін балалардың денсаулығы бірінші орында, – деді облыс әкімі.

Балалар өмірі үшін күрес

Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният жансақтау бөліміндегі балалардың өмірін сақтап қалу үшін Астанадан білікті мамандардың келгенін жеткізді.

– Осы уақытта 20 шақты маман консилиум жүргізіп жатыр. Астанадан штаттан тыс бас инфекционист, балалар реаниматологы, үш токсиколог дәрігер келді. Облыс мамандарымен бірлесіп, балалардың денсаулығын бақылауға алды, – деді министр. Ведомство басшысының айтуынша, қазір қажет талдаулар алынып жатыр. – Алдын ала болжам бойынша тағам токсикоинфекциясы диагнозы қойылған.



Бірақ, осыған дейінгі бақылау барысы ішек инфекциясына ұқсамайтынын көрсетті. Алдын ала талдау нәтижесі мұны растамады. Қазір талдаулар нақтыланып жатыр, – деді Ажар Ғиният.

Балаларда іш ауруы, құсу, дене қызуының көтерілуі секілді белгілер болған. Жансақтау бөліміндегі алты баланың екеуінің жағдайы аса ауыр. Басқа балалардың жағдайы біршама жақсы. Олар әлі де бақылауда.

– Интоксикация мен тыныс алу жеткіліксіздігі балалардың жағдайын одан әрі қиындатып тұр. Республика тарапынан барлық көмек көрсетіледі. Дәрігерлер ауру салдарымен күресіп жатыр. Бала-

Министр брифинг өткен күні тағы екі баланың ауруханаға түскенін де айтты. Алайда олар басқа топтан. Ал, қайтыс болған Әділ Омаров 13 жаста еді. Министр оның ауыр интоксикация мен тыныс алу жеткіліксіздігі себебінен ауруханаға түскеннен кейін жарты тәулік ішінде көз жұмғанын мәлімдеді.

Бұл ретте облыс әкімі қайтыс болған баланың отбасына мәйітті жеткізу мен жерлеуге және басқа да көмек болатынын жеткізді.

Арнайы мекемелерге бақылау күшейеді

Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Ди-

жатыр. Еліміздегі балаларға медициналық-әлеуметтік қызмет көрсететін 84 мекемеге Бас прокуратура кешенді тексеріс жүргізеді. Оның 20-сында жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар тұрады. Қазір біз мемлекеттік органдармен бірге балаларға арналған мекемелердегі камераларды тікелей орталық басқару бөлімі мен жауапты органдарға қосу бойынша жұмыс істеп жатырмыз. Яғни, арнайы мекемелердегі бақылау күшейеді, – деді Динара Закиева.

Бұл ретте айта кету керек, оқиға орын алған орталықта 115 бейнебақылау камерасы бар.

► 2-бет

• КӨКЕЙКЕСТІ

Заңсыз құрылыс тоқтатылды

Жосықсыз үй құрылысымен айналысқандардың қара тізіміндегі «Satti Lux Stroy» ЖШС компаниясы тұрғын үйді сүруді бастады.

Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Рұқсат құжатсыз құрылыс жұмыстарын жүргізген компанияға қатысты сотқа дейінгі тергеу басталғанын бұған дейін де хабарлаған болатынбыз. Қазіргі уақытта компанияның заңсыз салынған үйлері сүрілуде.

– Бұған дейін біз рұқсат құжаттарысыз көпкөптерлі тұрғын үй кешенінің құрылысын бастаған құрылыс салушыға қатысты сотқа дейінгі тергеу басталғаны туралы хабарлаған болатынбыз. Бүгін құрылыс компаниясы заңсыз басталған нысанды бұзуға кірісті. Жоспарға сәйкес бұл үйдің орнында көгалдандырылған, абаттандырылған учаске болуы керек, – деп ақпарат таратты Қарағанды қаласы әкімдігінің баспасөз қызметі.

Айта кетейік, «Барыс» көпкөптерлі тұрғын үй кешені Оңтүстік-Шығыс ауданы, бұрынғы автобекет аумағында (Мұқанов көшесі 53 маңында) орналасқан.

Пичугин көшесі жөнделеді

Қарағандылықтар қаладағы тозығы жеткен Пичугин көшесінің жөнделуін күтуде. Маусым айында облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев мұнда күрделі жөндеу жүргізу жоспарланып отырғанын хабарлаған еді. Қарағанды қаласының әкімі Мейрам Қожухов Пичугин көшесінің жөнделуі туралы ұмытпағанын айтып, қала тұрғындарының сауалына жауап берді.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Қалада жөндеу науқанын қызу жүріп жатыр, жеке секторлар да, орталық көшелер де асфальтталады. Пичугин көшесі туралы көптеген өтініш бар. Тұрғындар маған: «Бұл жолды мүлдем ұмытып кеттіңіз!» – деп жазады. Жок, достар, мен ұмытпадым! Егер, мен ол көшені жөндемесем, оған менің атымды беруді ұсыныңыздар!», – деп жазды қала әкімі Instagram парақшасында.

Шаһар басшысы жөндеу жұмыстары, әрине, қарапайым емес, күрделі болатынын айтады. Жұмыс биыл басталып, келесі жылы жалғасады.

Жақын арада дайындық жұмыстары қолға алынады. Күрделі жөндеуді бастама бұрын жолдың астынан өтетін кәріз және су құбыры желілерін ретке келтіру қажет. Ал, қыркүйек айында жол жөндеу жұмыстары басталады.

«Биыл жалпы 4,7 шақырымнан 500-700 метр жөндеп үлгереміз деп ойлаймын. Қалған учаскеде жол қозғалысы қауіпсіздігі үшін әзірге шұңқыр жөндеу жұмыстарын жүргіземіз», – деп уәде берді әкім.

Жөндеу жұмысын «Агротор» ЖШС мердігер ұйымы міндетіне алады. Ұйым басшысы Наталья Малчушкина қыркүйекте іске кірісетіндіктерін мәлімдеді.

«Жұмысты қыркүйек айының ортасында бастауға дайынбыз. Алдымен белгілі аумақты бөлшектеуді және асфальт төсеуді жоспарладық», – дейді Наталья Юрьевна.

• ӨЗЕКТІ

Ет экспорты мен сүт импорты

Таразы басы тең емес

Дүкен сөрелерінде самсап тұрған сүттен көз сүрінеді. Түрлі-түсті қораптағы сұйық және ұнтақ сүттің тапшылығы туындайды деген ешкімнің ойына келе қоймас. Алайда, ондай қауіп бар екен. Аймақтағы шаруашылық иелері осылай деп дабыл қағып, келелі кеңес өткізді. Қазір кез келген шаруашылық асыл тұқымды ірі қара өсіреді. Оның сүті де мол болуы керек. Сайып келгенде сауын сиыр суалатындай не күн туды? Мәселенің мәнісіне біз де үйіліп көрдік.

Сағынш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сүт тапшылығы байқалады

«Атамекен» кәсіпкерлер палатасында агромеркәсіп кешені кеңесінің кезекті отырысында түйткілді мәселе талқыланды.

«Егер өңірдегі жағдай өзгермесе, онда сүт өнімдерін өндірушілердің өндіріс айналымын төмендетуге мәжбүр болмақ» деген Қазақстан фермерлер одағының төрағасы Игорь Жабяк, тіпті, алдағы уақытта сүт өңдеуші кәсіпорындар жабылып қалады деген күдігін де жеткізді. Сүттің тапшылығы елімізде де байқалып отырғандығын да тілге тиек етті.



Ал, сүт өңдеуші кәсіпорын иелері сүт тапшыру деңгейінің төмендеп кеткенін айтты.

– Облыста ірі қара саны – 646 мың. Оның 260 мыңы – сүтті сиыр. Аймақта асыл тұқымды сүтті бағыттағы 13 субъекті бар. Статистиканың қаңтардағы дерегінше, сүт бағыттағы 1496 бас асыл тұқымды сиыр бар. Бұл өткен жылдың

осы кезеңімен салыстырғанда 110% құрады. 1 шілдедегі сүт өндірісі 216 мың тоннаға жетіп, салыстырмалы түрде 1,6%-ға өскен. Сүт өндіру барлық аудан-қалаларға тиесілі, – дейді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Әнуар Төлеубеков. Сонымен қатар, аймақта сүт өндірісінің азайып кеткенін де жоққа шығармады.

► 2-бет



Кінәлілер жазадан құтылмайды

(Соңы. Басы 1-бетте)

Арнайы прокурорлар назарында

Мұның алдында Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының баспасөз қызметі балалардың тамақтан улануына байланысты тергеу басталғанын мәлімдеген еді. 31 шілде күні Қылмыстық кодекстің 304-бабының 2-бөлігі (ауыр зардаптарға әкеп соқтырған санитарлық ережелерді немесе гигиеналық нормативтерді бұзу) бойынша сотқа дейінгі тергеу басталды.

Қылмыстық іс Қарағанды облысы прокуратурасының арнайы прокурорларының бақылауында. Сондай-ақ, тергеуге құқық



қорғау және арнайы органдардың тәжірибелі қызметкерлері жұмылдырылып, ведомствоаралық жедел-тергеу тобы құрылғаны айтылған. Тергеу шеңберінде жауапты лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттеріне тиісті құқықтық баға берілетін болады.

Қарағанды облысының бала-

ларға арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығында 11-17 жас аралығындағы 160 бала бар. Зардап шеккен 14 баланың алтауы – жетім, төртеуі толық отбасынан. Тағы төртеуінен ата-анасы бас тартқан. Орталық тұрақты күтім мен медициналық қызметке мұқтаж психоневрологиялық патологиясы бар

мүгедек балаларға арналған.

Денсаулық сақтау басқармасы ұсынған кешегі күнгі дерек бойынша стационарлық ем алып жатқан балалардың жағдайы тұрақты.

– 1 тамызда түскен екі баланың біреуінің жағдайы орташа ауыр дәрежеде, екінші баланың жағдайы – қанағаттанарлық. Екеуі де бөлім-

шеде, – деді облыстың денсаулық сақтау басқармасы басшысы орынбасарының міндетін атқарушы Ирина Тасмағамбетова.

– Қазіргі уақытта облыстық клиникалық аурухананың инфекциялық орталығының бөлімше-

сінде емделіп жатқан екі баланың жағдайы жақсаруына байланысты ауруханадан шығарылды. Олар медициналық-әлеуметтік мекеме дәрігерінің бақылауында.

Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығында емханалардың медицина қызметкерлері тарапынан кезекшілік ұйымдастырылған.

Алты бала әлі де жансақтау бөлімінде жатыр. Орын алған қайғылы оқиғаны болжаған пікірлер әлеуметтік желіде көп болғанымен, балалардың улануының нақты себебі әлі анықталмағанын айта кеткен жөн. Бұл мәселе Денсаулық сақтау министрлігі мен облыс әкімдігінің, сондай-ақ, Бас прокуратураның қатаң қадағалауында.

Брифинг барысында айтылғандай, улану себебі бір ай мұздарында белгілі болуы тиіс. Күні кешеге дейін орталықтағы өзге балаларда уланудың ешбір белгісі байқалмады.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Қолма-қол ақшасыз есеп айырысуды дамытудың заманауи үрдісі

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың даму дәуірінде банк секторы негізгі рөл атқарады және қаржы саласында маңыздылығы зор. Банк секторында қолданылатын прогрессивті технологиялар ақпараттың едәуір мөлшерін өңделуі үшін барынша қарапайым жағдайлар жасайды. Эквайринг саласындағы технологиялық жаңартуларының оңалысын ынталандыратын жедел төлемдерді іске асыруға сұраныс, сондай-ақ, шағын және орта бизнеске банктік қызмет көрсетуді жеделдетуі қолма-қол ақшасыз төлемдер саласын дамытудың жеткілікті жоғары деңгейін қамтамасыз етеді. Төлем картшалары, онлайн-сервистер, терминалдар және басқа құрылғылар негіз болатын дәл осы қолма-қол ақшасыз төлемдер жаһандық экономиканың қазіргі жағдайындағы болашағы бар бағыт болып табылады.

Қолма-қол ақшасыз есеп айырысудың көптеген артықшылықтары бар, атап айтқанда: мемлекет үшін – бұл қолма-қол ақша айналымын және оны ұйымдастыруға кететін шығындарды азайту, банктің ресурстық базасын толықтыру арқылы несие беру мүмкіндігін кеңейту, бұл, сайып келгенде, экономикалық өсуге ықпал етеді. Ұйымдар үшін пайдасы – «қалақы» күнінде қоссадағы ақшаға деген қажеттілікті азайту болып табылады. Азаматтар үшін – ақшаны жоғалту немесе ұрлау қаупін азайту, коммуналдық және өзге де төлемдерді қолма-қол ақшасыз тәртіппен төлеуі.

Қазақстандықтар қолма-қол ақшасыз есеп айырысуларды көбірек ұнататындарын айта кету абзал. Соңғы үш жылда қолма-қол ақшасыз төлемдер тоқсан сайын орта есеппен 14%-ға өседі. 2022 жылғы деректерге сәйкес жалпы Қазақстан бойынша қолма-қол ақшасыз төлемдер көлемі 103,8 трлн. теңгені құрады, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 15%-ға артық. Еліміздің шалғай өңірлерін одан әрі интернет және мобильді байланыспен қамтамасыз етуі қазақстандықтарды «қолма-қол ақшасыз қоғамға» бір қадам жақындатады. Сонымен бірге қолма-қол ақшасыз транзакциялардың өсуі өнімнің тұтынушылар үшін ыңғай-

лығына, цифрлық сервистер мен төлем жүйелерінің дамуына байланысты. Бұл жағдай азаматтардың қолма-қол ақшамен байланысын шектеуге деген табиғи ұмтылысына әсер етті.

Қарағанды облысында төлем картшалары бойынша қолма-қол ақшасыз төлемдердің көлемі қолма-қол ақшаны беру операцияларының тиісті көрсеткіштерінен үш есе асады. Мәселен, 2023 жылғы 01 ақпан жағдайы бойынша 2023 жылғы қаңтардағы қолма-қол ақшасыз төлемдер саны 538 182,0 млн. теңге сомасына 39 571,1 мың транзакцияны, қолма-қол ақша беру операциялар саны – 150 307,3 млн. теңге сомасына 1 939,6 мың транзакцияны құрады. Бүгінгі таңда Қарағанды облысының тұрғындары төлем картшаларымен операциялар жүргізу кезінде 61467 POS-терминалдар мен 1070 банкоматтарды пайдалана алады. Бұл ретте тауарлар мен қызметтер үшін төлем картшаларын 54320 сауда нүктесі қабылдайды.

Қолма-қол ақшасыз есеп айырысу негізгі болып саналады, сондай-ақ, көптеген азаматтар қолма-қол ақшаны аз мөлшерде есеп айырысу кезінде немесе қолма-қол ақшасыз төлеу мүмкіндігі болмаған кезде ғана пайдаланады. Халықтың ақшалай операцияларының негізгі спектрі (машиналар, жылжымайтын мүлік, киім-кешек, азық-түлік сатып алу, жалақы, саяхат, коммуналдық төлемдер және басқалары) тек қолма-қол ақшасыз жүзеге асырылады.

Осылайша, қолма-қол ақшаны қолма-қол ақшасыз айналымға «түрлендіру» тек азаматтар үшін ғана емес, жалпы еліміз үшін маңызды қадам болып табылады. Қазақстан үшін прогрессивті мемлекет ретінде қаржылық дамудың жоғары деңгейіне ұмтылу және жетістіктермен тоқтап қалмауы маңызды. Сондықтан қаржы секторының қолма-қол ақшадан қолма-қол ақшасыз режимге көшуі ұзақ мерзімді болашақта мемлекеттің негізгі міндеті болып табылады.

**«Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі РМҰ
Қарағанды филиалының
баспасөз орталығы**

• БРИФИНГ

Жылу орталықтары айыппұл арқалады

Топар бас энергия тарату станциясы мен «Kazakhmys Energy» Балқаш жылу электр орталығы кәсіпорындары – облыстың ірі өнеркәсіптік нысандары. Өндіріс ошақтарының қоршаған ортаға тигізіп жатқан кері әсері турасында Өңірлік коммуникациялар алаңында өткен брифингте Қарағанды облысы бойынша экология департаментінің басшысы Дархан Исжанов мәлімдеді.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Спикер Топар бас энергия тарату станциясының жағдайына тоқталды. Бекет Абай ауданының Топар кентінде батысында 1,5 шақырым қашықтықта орналасқан. Негізгі қызметі – электр және жылу энергиясын өндіру. Электр энергиясы бойынша белгіленген қуаты – 743 МВт, жылу энергиясы бойынша белгіленген қуаты – 300 Гкал/сағ. Кәсіпорын өз қызметінде жергілікті халықты электр және жылу энергиясымен қамтамасыз етіп қана қоймай, қоршаған ортаға айтарлықтай теріс әсер ететіндігі де белгілі.

Биыл станцияның орташа зиянды шығарындылары 59 тонна құраған. Бұл өткен жылдармен салыстырғанда едәуір көп. Кәсіпорын қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін экологиялық төлемдер төлейді. Төлем сомасы 657 млн. теңгені құрады. Әлбетте, кәсіпорынның 2024 жылға дейінгі экологиялық рұқсаты бар. Құжатта 73,8 мың тонна көлемінде шығарынды шегі бекітіліпті. Есесіне өндіріс ошағында атмосфераға ластанушы заттардың шығарындысын азайту мақсатында шаң-газ тазарту қондырғылары орнатылған. Рұқсат берілгенімен, табиғатты қорғау іс-шаралар жоспары келісілген. Осылайша, кәсіпорын жыл сайын шаң-газ тазарту қондырғыла-

рын жөндеу, қоршаған ортаның жай-күйіне мониторинг жүргізу, қоғалдандыру сынды істерді жүзеге асырады.

– Департаменттің экологиялық заңнамааның сақталуына жүргізілген тексеру амалдары шаруашылық сарқынды сулары тазаланбағандығын, ал тазартқыш құрылым бұзылғанын айғақтады. Сақталған күл үйіндісіне ластанған шаруашылық ағынды су төгіліп келген. Бұл – Қазақстан Республикасы экологиялық кодексінің 216-бабы 2-тармағына қайшы. Визуалды тексеру барысында темір цехындағы құбырдың биіктігі бекітілген жобаға сәйкес келмейтіні анықталды. Әрі күм бөшектерде ашық күйінде қордаланып, жобалық шешіммен кереғар екендігі белгілі болды. Көзбен шолып тексеру барысында электр цехының аумағында белгіленбеген жерде қатты тұрмыстық қалдықтар үйіндісінің барлығы анықталды. Жұмыс нәтижесінде жалпы сомасы 2,9 млн. теңгеге үш айыппұл салынып, толық көлемде өндірілді, – деді Дархан Ерғалиұлы журналистерге берген сұхбатында.

Балқаш жылу электр орталығы каланан өндірістік аумағында орналасқан. Қызметі – электр және жылу энергиясын өндіру. Станцияның электр қуаты бойынша жобалық көрсеткіші – 145 МВт, жылу қуаты бойынша жобалық көрсеткіші – 383,6 Гкал / сағ. Ау-

аға зиянды шығарындылары 14 мың тонна құрады. Кәсіпорынның қоршаған ортаға теріс әсері үшін экологиялық төлемдер сомасы 139 млн. теңге шамасында. Нысанның 2027 жылға дейінгі шығарындыларға экологиялық рұқсаты бар. Онда 13 мың тонна көлемінде шығарынды лимиті бекітілген. Жоспарда азот шығарындыларын азайтуға бағытталған 6,7,8,9-баптардағы қазандықтың оттықтарын ауыстыру көзделгенін атап өту қажет. Сондай-ақ, 2027 жылға қарай жаңа сақиналы эмульгаторларды орнату қарастырылған. Бұл күкірт шығарындысының 10%-ға төмендеуіне ықпал етпек.

Экология заңнамасы сақталуына тексеруге қатысты жүргізілген тексеру қорытындысы бойынша №1 эмульгаторда шаң-газ тазарту жабдығын пайдалану талаптарының бұзылғанын көрсетті. Сондай-ақ, көзбен шолып тексеру барысында отын-көлік цехында түсіру қондырғысының жоқтығы анықталды. Бұл қоршаған ортаның антропогендік ластануына әкеліп соғады. Нәтижесінде 1,3 млн. теңге сомасына екі айыппұл салынып, толық көлемде өндірілді.

– Қорытындылай келгенде 2021 жылғы Қазақстан Республикасының жаңа экологиялық кодексі шеңберінде ірі кәсіпорындар оның ішінде, ГРЭС және Балқаш ЖЭО 2025 жылдан бастап міндетті түрде ең үздік қолжетімді технологияларды енгізуді көздейтін кешенді экологиялық рұқсат алуы тиіс. Бұл өз кезегінде қоршаған ортаның сапасын жақсартуға оң әсерін тигізеді, – деп түйінделі сөзін облыстың бас экологі.

Ет экспорты мен сүт импорты Таразы басы тең емес

Соңы. (Басы 1-бетте)

Қуаңшылық – сиырға да соққы

Сүт көлемінің көбеюіне үлес қосатын – шаруа қожалықтары мен фермерлер. Осы орайда, сиыр сауып, сүт өндеп отырған ауылдағы ағайынға сұрау салдық.

– Сүттің мөлшері кейінгі екі айда әжептәуір төмендеп кетті. Қолдағы 11 бас сиырды таңертең және кешке сауамыз. Маусым айында екі мезгіл сауғанда 120 литр сүт алсам, шілдеде соның жартысы ғана. Үздіксіз жем бергеннің өзінде жағдай осындай. Әрі мал жүдеп барады. Енді бір-екі жұмадан кейін саууды тоқтатамын. Сүттің азайып кетуі – жайылымның жоқтығы. Күн ыстық, құрғақшылық. Шөп сарғайып, сөлі кетіп қалды. Шөпте құнар болмағандықтан кейін сүт те азайды. Әйтпесе, қыстақта тұрғанда бұндай мәселе болмап еді. Кешке сауып, далаға жайылымға жіберетінбіз, – дейді Матақ ауылының тұрғыны Жансая Зейноллақызы.

Малдың қон жинауына көк шөпқыпал етсе, сол сияқты сүттің де шығымына жайылымның да әсері зор. Оның үстіне, айдан аса тұрған аптап ыстық жығылғанға жұдырық боп тұр. Агроном мамандар жайылым мәселесін шешуді түрлі жолдарын айтады. Мәселен, «Суармалы жайылымдық жер қуаңшылықтың алдын алуда қолайлы. Әрі мал азығы тапшылығы мәселесін шешеді» дейді.

1000 түп павловния медет болады

Шаруалардың бас ауруына айналған мал азығы тапшылығы-



ның негізгі себебі – қуаңшылық. Бірақ, істің ретін білетіндер түрліше әрекет етуде. «Әрекет түбірі – береке» деп әрдайым жаңашылдыққа ұмтылып жүретін шағын ғана «Атамекен» сүт өндеу цехының басшысы Сланбек Қинаят мал азығын дайындаумен қатар, мол өнім алудың да жолын тапқан. Сонау Қытайдан агроөнеркәсіп саласында теңдесі жоқ павловния ағашының 1000 түбін отырғызды. Өнеркәсіптің кез келген саласында пайдаланатын «ағаш ағаш» аталған павловнияның жапырақтары мен бұтақтары малға азық дейді ол.

– Сүт өндеумен көп жылдан бері айналысып келе жатқаннан кейін мол өнім алу жолдарын жан-жақты қарастырамыз. Тын жаңалықтарға тәуекел етіп келеміз. Одан ұтпасақ, ұтылған емеспіз. Биыл павловния ағашын әкеліп отырғыздық. Бұл ағаштың малға азық ретіндегі қоректілігі өте жоғары. Әрі бойында сөлі де көп. Сонымен қатар, жоңышқа, күнбағыс та өсіріп отырмыз. Егістік алқаптарды суаруға да ден қойдық.

Сүт мөлшерінің азайып кетуі біздің шаруашылықта да қатты байқалды. Фермада барлық жұмыс автоматты түрде жүзеге асады. Тоулігіне үш мезгіл сауғанда бір сиырдан 40 литр сүт алсақ, бүгінде 25 литр сүт. Себебі – азықтың құнарсыздығы әрі аздығы. Малға қорек толық жетіспегендіктен, өнім де азайды, – дейді шаруашылық басшысы.

Күніне 300-500 литр аралығындағы сүтті арнайы автокөлікпен Қарқаралы басындағы сүт өндеу цехына әкеледі. Құрт, ірімшік, майға деген сұраныс өте жоғары. Тапсырыс беретіндер де бар.

Түйін

Тағы бір айта кетерлігі, еліміздегі ет экспорты, оған көрсетілетін қолдау, аналық мал басының азаюына әкелуде. Яғни, сүтті бағыттан гөрі, шыққан шығынын толық өтей алатын етті бағыттағы мал басын өсіру шаруашылықтары үшін тиімді болып отыр. Ет экспорты артқанда, сүт импорты өспесін деген алаң да жоқ емес мамандарда.

• ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Қызмет түрін
әркім өзі таңдайды

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, жыл басынан әлеуметтік қызметтер порталы арқылы мүмкіндігі шектеулі азаматтарға бірқатар әлеуметтік қызмет түрлері көрсетілген. Атап айтқанда, шамамен 253,5 мың мүгедектігі бар адам оналтудың техникалық құралдарына, 7,5 мыңы – ымдау тілі қызметіне, 25,5 мыңы – жеке көмекшінің, 37,2 мыңы – шипажай-сауықтыру орындарындағы емдеу қызметіне қол жеткізді.

• Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бір ерекшелігі, портал мүгедектігі бар адамдарға оналтудың техникалық құралдары мен қызметтерін өндірушіні және жеткізушіні өздері таңдауға мүмкіндік береді. Оналту құралдарына – протездік-ортопедиялық, сурдотехникалық, тифлотехникалық және гигиеналық құралдар және кресло-арбалар жатады. Аталмыш, көмек түріне тапсырыс беру, көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен растау арқылы жүзеге асады. Тапсырысты жеткізуге немесе өздері әкетуге де болады.

Порталда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін 856 медициналық-әлеуметтік мекеме (бөлімшелер), 468 оналту техникалық құралдарын жеткізуші, 27 мыңнан астам жеке көмекші, 699 ымдау тілі және 104 санаториялық-курорттық емдеу қызметтерін ұсынушы тіркелген.

Порталды пайдалану бойынша консультацияларды 1414 бірыңғай нөмірі арқылы хабарласып, білуге болады.

• РЕСМИ

Зейнетке шығуда –
жаңа талаптар

Қазақстандық зейнеткерлер жұмыс орнында зейнет жасына жеткен соң арнайы мемлекеттік органдарға өтініш беріп, зейнетақыны рәсімдей алады. Ал, тарихи Отанына келген этникалық қазақтардың зейнетке шығуда еңбек өтіліне қатысты І шілден бастап легализация енгізіліп, жаңаша талаптар қойылды.

Біріншіден, Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы No 232 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің, жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу (айқындау), оларды тағайындау, жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау қағидаларының» 6-тармағының 3-тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасына тарихи Отанында тұрақты тұру мақсатында келген этникалық қазақтардың шығу мемлекетіндегі еңбек қызметін растайтын құжат ұсынылады. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде берілген құжаттар, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жария етуге жатады.

Осыған байланысты Моңғолия, Қытай мемлекетінен келген этникалық қазақтардың еңбек өтілін растайтын құжаттары елдер арасында келісімшарт болмауынан міндетті түрде заңдастырылуы қажет.

Екіншіден, құжаттар қазақ, орыс тілдеріне аударылып, аударма нотариалды түрде расталуы тиіс.

Бұл ретте Моңғолия Республикасының территориясындағы әскери қызмет пен оқу жылдарының есепке алынбауына байланысты (тек еңбек өтілі алынады) бұл құжаттарды аудару, заңдастырудың қажетсіз екенін хабарлаймыз.

Ләззат СЕМБЕК,
Еңбек және әлеуметтік қорғау комитеті Қарағанды облысы бойынша департаментінің бас маманы.

• БАСПАСӨЗ ТУРЫ

Өмір үшін күрес – үйренер іс

Әркімнің туысы, жақыны, отбасы бар. Алда-жалда жақыныңыз есінен танып қалды, тынысы тоқтап қалды, не шашалды делік. Алғашқы көмекті қалай көрсетуді білесіз бе? Мұндайда адам өмірін сақтап қалуға ықпал ететін әрекеттерді өкінішке қарай, көпшілік білмейтіні рас. Абдырап, уақыт өткізіп, керісінше, білместікпен науқастың жағдайын нашарлатын әрекеттер жасауы мүмкін. Қарағандыда облыстық жедел медициналық жәрдем станциясының базасында ашылған Оқу-симуляциялық орталығы кез келген адамға алғашқы көмек көрсету курстарын өткізуге дайын. Тек, әуелі аймақтың жедел жәрдем мамандарын толықтай оқытып алуды жоспарлап отыр.

• Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Оқыту үзілмеуі тиіс

Оқу халықаралық стандарттар бойынша біліктілік арттыруды көздейді.

– Біз жедел жәрдем қызметкерлерін реанимациялық іс-шаралар өткізуге, халықаралық стандарттар бойынша шұғыл медициналық көмек көрсетуге үйретеміз, – дейді оқу-симуляциялық орталығының басшысы Вячеслав Рогозин. – Қазіргі уақытта америкалық «Жүрек» қауымдастығының халықаралық стандарты бойынша Израильдің Galileo Medical Center мамандарынан оқыған екі халықаралық нұсқаушы жұмыс істейді. Жақын арада олардың қатарын алты маманға көбейтеміз.

Бүгінгі таңда аймақтың жедел жәрдем қызметі мамандары оқуды бастаған.

– Нұсқаушылардың аздығына байланысты оқыту уақытын әр қатысушының мүмкіндігіне қарай ыңғайлап жатырмыз. Нұсқаушылар қатары толыққанды кейін нақты белгіленген кезекпен оқытамыз.

Бүгінгі таңда 420 қызметкер оқытудан өтті. Олардың оқытуды қаншалықты меңгергенін тексерудеміз. Осы орталықта практикалық машықтарын көрсетеді, – дейді Вячеслав Рогозин.

Теориялық білім мен практикалық біліктілікті барлық санаттағы маман өтуі тиіс. Бұл ретте олардың дәрігер, не фельдшер екені, еңбек өтілі де аса маңызды емес. Маңыздысы – олардың жаңа стандарттарды меңгеруі.

– Біздің мамандарда бір рет қана оқып шығу деген болмайды. Оқыту үздіксіз жалғасады. Сонымен бірге, бізге қарасты аудандардың мамандарын да оқытамыз, – деді орталық басшысы.

Оқыту барысындағы білімі мен машығын қолданған медициналық қызметкерлер қатары артқанын, соның нәтижесінде сапалы алғашқы көмек көрсету пайызы өскенін айтып. «Бұл біздің дұрыс бағытпен келе жатқанымызды көрсетеді», – дейді.

Алғашқы нұсқаушылар

Израильдік медициналық орталықтың мамандарынан білімін жетілдірген екі нұсқаушының біреуі – Вячеслав Рогозиннің өзі. Ковид пандемиясына тұспа-тұс келгендіктен оқыту шетелде емес, Астанада өтіпті.

– Бізге алғашқы медициналық көмекті ғана емес, оқытуды қалай жүргізу керектігін де үйретті. Яғни, түрлі реанимациялық шаралардан бөлек, біз куратор болуды да меңгердік. Әріптестермен қалай дұрыс қарым-қатынас жасау керектігі айтылды.

Мәселен, менің тәжірибем бес жыл ғана, ал, жұмыс барысында еңбек өтілі 30 жыл, ғылыми дәрежесі бар мамандарды оқытуым керек. Мұндайда өзіңді дұрыс көрсетіп, ешкімнің көңіліне келмейтіндей әрекет ете білудің мәні зор, – дейді ол.

Ендігі оқыту қыркүйектің ортасында Астанада өтеді. Оған баратын алты адамның арасында Вячеслав та бар. Осы жолы мамандар АҚШ-тан келеді. Оқыту Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасында өтеді.

Жаңа стандарттар бойынша білім алатын алты нұсқаушы аймақтың жедел жәрдем қызметіндегі мамандарды оқытуға жеткілікті.

– Төрт адам – Қарағандыда, Теміртау мен Балқашта бір-бір маманнан болмақ. Манекендердің негізгі бөлігі осында. Алдағы уақытта аталған қалаларға алынады деп ойлаймыз, – деді Вячеслав Вячеславович.

Манекен –
машықтану құралы

Орталықта ересектер үшін де, балалар үшін де негізгі және кеңейтілген реанимация дағдыларын меңгеруге арналған 12 манекен-тренажер бар. Жарақат имитаторлары да тұр. Бұлардың барлығы облыстық бюджет есебінен сатып алынған.

– Манекендер соңғы үлгіде деп айта алмаймыз. Медицина университеті, медициналық колледжіңде қолданатындай деңгейде. Ресейлік те, қытайлық та, Еуропадан әкелінгені де бар. Мәселе, оны дұрыс қолдана білуде. Бізде «қазір мынаны бүлдіріп алсам, обал немесе менен сұрайды, қатты күш салуға болмайды» сияқты ой болады. Бұл дұрыс емес.



Негізі, жедел жәрдем көлігіндегі барлық керек-жарақ мұнда да бар. Дефибрилляторлар, желдеткіштер, кардиографтар, реанимациялық жиынтықтардың бәрін қолданамыз, – деді спикер.

Жүргізуші де «дәрігер»

Биыл Денсаулық сақтау министрілігі жедел жәрдем көлігі жүргізушілерін де оқыту мәселесін көтерген болатын. Вячеслав Вячеславовичтің айтуынша, бағдарлама дайындалып жатыр.

– Бұл жерде жүргізушілердің практикалық білімінен бөлек, теориялық білімінің де болғаны керек. Сондықтан, медициналық колледж базасында оқыту да қарастырылған. Қазір бұған қатысты жұмыс бағдарламасы пысықталуда, – деді басшы.



Орталық басшысының пікірінше, жүргізушілердің де алғашқы медициналық көмек көрсете білуі керек.

– Реанимацияда, әсіресе, тағы бір адамның артықтығы жоқ. Бригадалар екі адамнан тұрады. Яғни, екі фельдшер ғана. Ал, науқастың жағдайы ауыр, реанимациялық көмек керек болса, көмекші қашан да қажет, – дейді Вячеслав Рогозин.

Диспетчер қызметі
жетіле түседі

Медициналық қызметкерлермен бірге қонырау қабылдайтын диспетчерлер де оқытылатынын айту керек. Орталық басшысы диспетчерлердің қонырауды үзбей, тұтқаның арғы жағындағы адаммен байланыста болудың мәніне тоқталады.

– Бұл – диспетчердің үнемі жетілдіріп отыратын дүниесі. Шетелдік фильмдерде қандай да бір төтенше жағдай кезінде диспетчер қонырауды үзбей, кеңес айтып, сөйлесуге тырысатынын көрген шығарсыздар. Жағдайға қатысты кеңес беру жүйесін біз де енгізіміз келеді. Біздің диспетчер мамандарымыз оқытудан өтті. Енді сол машықты игеруі мен іс жүзінде қолдана білуін тексереміз, – деді В.Рогозин.

Қорғаныс та қажет

Жедел жәрдем қызметкерлерінің өзін-өзі қорғай білуі де күн тәртібінде.

– Жағдай әртүрлі болуы мүмкін. Агрессивті пациенттер де кездеседі. Мұндағы кілтипан заңда. Әлбетте, саған біреу тас ала жүгірсе, жай тұрмайсың, қорғануға тырысасың. Бірақ, соңында ол емес, сіз кінәлі болып шығуыңыз әбден мүмкін. Менің жеке пікірім, құқық қорғау органдары мен жедел жәрдем қызметі арасындағы өзара қарым-қатынас жүйелі болуы керек, – деген орталық басшысы бір оқиғамен бөлісті.

– Осыдан бес жыл бұрын шақыртуға барған фельдшерді пациент үйінен шығармай қойған болатын. Екі жедел жәрдем бригадасы полиция қызметкерлерінен тез келді. Сол аралықта үйде кез келген жағдай болуы мүмкін еді, – дейді ол.

Алдағы жоспар ауқымды

Алдағы уақытта жүкті әйелдерге шұғыл көмек, үй жағдайында босануға көмек көрсету де оқытылмақ. Сонымен қатар, жоғарыда айтқандай, қарапайым адамдардың да алғашқы медициналық көмек көрсету машықтарын игеру мүмкіндігі туады. Медициналық қызметкер емес адамдарға оқыту ақылы түрде өтеді. Қазір институционалды аккредитациядан өту шаралары қарастырылып жатқан көрінеді. Оқыту құқығын биыл

алса, келесі жылы басталады деген жоспар қойып отыр.

– Кез келген адам өтініш бере алады. Өтініш негізінде келісімшарт жасалады. Жеке адам да, кәсіпорындардағы қызметкерлер де оқи алады. Мұндай машықты меңгерудің септігі зор. Сол арқылы сіз өзгенің өмірін сақтап қаласыз, – дейді Вячеслав Вячеславович.

Алдағы уақытта ел көлемінде, халық көп жиналатын орындарда дефибриллятор қою қолға алынады. Орталық автоматты сыртқы дефибриллятормен жұмыс істеуді де үйретеді. Бұл жедел жәрдем қызметі келгенше науқасқа қажетті алғашқы көмек береді.

Оқыту Вячеслав Рогозиннің ойынша, жиі-жиі қайталануы керек. Себебі, қандай да бір көмек түрі үнемі қолданыла бермеуі мүмкін.

– Мысалы, реанимациялық көмек үнемі керек болмауы мүмкін. Көп қолданылмағандықтан қандай да бір машықтар ұмытылады. Сол себепті, әр жағдайға қолданылатын әрекет мида жатталып қалуы үшін үнемі қайталау керек. Яғни, біздің міндетіміз – кез келген жағдайға қажетті әрекет пен машықты автоматты түрде орындау деңгейіне жеткізу, – деді ол.

Оқу-симуляциялық орталық биыл медицина қызметкерлері күні қарсаңында ашылды. Ашылған бетте облыстың жедел жәрдем бригадалары арасында жарыс өткізді. Жеңіске жеткен команда осы 10 тамызда Семей қаласында өтетін республикалық жарысқа баруға дайындалып жатыр. Бүгінде облыстық жедел жәрдем қызметінде 1500-ге жуық адам жұмыс істейді. Олар – дәрігерлер, фельдшерлер, жүргізушілер.



• БҰҚАР ЖЫРАУ ҚАЛҚАМАНҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА – 355 ЖЫЛ

Бұқар баба басында...

Отыз жылда жағдайдың өзгергені шамалы

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Абылай ханның ақылшысы, өле-өлгенше халқының бірлігін ойлап, толғап өткен көмекей әулие Бұқар бабамыздың басына бармағалы да отыз жылға айналған екен. Кезінде 1993 жылы оның бейітінің басына кесене тұрғызылып, туғанына 325 жыл толған мерейтойы осында республикалық деңгейде аталып өткеніне бастан аяқ қатысып, ол туралы газетімізде кеңінен жазған болатынбыз. Енді биыл Бұқарекеннің 355 жылдық тойының тұсында қасиетті бабамыздың жаны жай тапқан Далба тауының етегіндегі мәңгілік мекеніне тәу етіп барып қайту үшін жерлес інім Марат Хамитовтің «Джип» көлігімен тағы бір ауылда-сым Азамат Шоқшин үшеуіміз жолға шықтық.

Бұл екі жігіт те ел мен жер тарихына қанық, шежіреге жетік, әрі Бұқар бабамыздың нәсілі болып келеді. Марат Ұлы жыраудың әкесі Қалқаман батырдың туған ағасы Қойсарыдан тараса, Азаматтың марқұм анасы Зықш Шәулебайқызы аталас ағайыны, ел арасында баба жыр-толғауларын жатқа айтып, жырау мұрасын насихаттауға көп еңбек сіңірген жан еді. Тіпті, Бұқар бабамыздың бұрын белгісіз болып келген екі-үш шығармасын осы кісінің аузынан жазып алып, өзіміздің «Орталық Қазақстанда» жариялағанымыз да бар.

Бабамыздың кесенесі кейін өзінің атын алған осы ауданның Бұқар жырау ауылдық округінің орталығынан 25 шақырым жерде орналасқан. Соны бетке алып, осыдан отыз жыл бұрын таспадай тартылып жатқан жолға түсейік. Сол жолдың бүгінгі сиқын көрсенді... Әр жерінде беткі асфальтінің қабыршақтары ғана қалып, қиыршық тастары шығып, ойдым-ойдым болып жатыр. Қайта анауынауынау шұңқырыңды елей қоймайтын сүйегі ауыр машинаға мініп шыққанымыз мұндай жақсы болар ма?! Сонымен ортекедей орағытып, киелі орынға да жеттік-ау!

Тал түс мезгілі. Жан-жағы темір шарбақпен қоршалып, сырты ақ мәрмәрмен қапталып, күмбезіне алтын жалатылған. Биіктігі 12 метр кесененің басында жан баласын жолықтырмадық. «Ескерткіш мемлекет қамқорлығына алынған» деп жазылған қоршаудың есігін ашып, ішке өтіп келеміз. Кесене маңын тізеден келетін шоп басып кеткен. Егілген бір тал гүл көзімізге түссеші... Осы ма есімің қастерлеуге тиіс мемлекетіміз бен соңындағы ұрпағының қамқорлығы мен көрсеткен құрметі?!

Үшеуіміз тылсым сырын ішіне бүккен кесене ішіне ендік. Онда айнала қарап, садақа салатын жәшігін де, келген жанлардың атынан аруаққа дұға бағыштайтын шырақшысын да көре алмадық. Тізе бүгіп, малдасымызды құрып отырып, дұға оқу қайда. Жылтыраған мәрмәр еденге не алаша, не кілем төселмеген. Амалсыздан сонда қойылған ұзынша биік орындыққа шокиғаннан шокинып, өзіміз білетін «ықылас», «фатиха» сурелерін оқып, дұға қайырып, бет сипастық.



Келесі сәтте әудем жерде қыр басында тұрған екі үйдің жанына келіп тоқтадық. Бізді сыртқа шыққан екі жігіт қарсы алды. Олар осы кесененің ресми күзетшілері Сәбит Мұқанов пен Жанат Дүйсенов те, үшінші күзетші өз үйіне тынығуға кетіпті. Өздерінің айтуынша, бұлардың міндеті кесенені күзетіп, келген адамдарды қарсы алып, шығарып салу болып шықты. Сөздеріне қарағанда, баба кесенесінің басын күтіп ұстау бұларға жүктелмегендей. Ал шат бойынша төртінші адам, осындағы мұражайдың меңгерушісі Әлихан Уәлиев сол күні көршілес Керней ауылының 120 жылдық мерекесіне кетіпті. Соған қарамастан, Сәбит пен Жанат бізді мұражайға бастап жүрді. Үш бөлмелі мұражайдың бір бөлмесінде кітапхана орын теуіп, қалған екеуінде іргеле Бұқарекен заманындағы тарихи тұлғалардың портреттері, кесене дамуына қатысты фотосуреттер мен ақпараттар ілініп тұрса, шыны астына жырау өмірі мен дәуірінен сыр шертетін жәдігерлер мен заттар қойылған.

Бөлменің бір бұрышында Бұқарекеннің жыр-толғауларын ел аузынан жазып алып, бүгінге жеткізген Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының 1927 жылы баба бейітін белгілеп, басына қойған тасы сүйеулі тұр. Осылардың бәрін көріп болған соң, біз де өз лебімізді білдіріп кету үшін қолтаңба қалдыратын кітабын, болмаса дәптерін сұрадық. Күзетшілердің қолымызға берген қалың дәптерінің ішінде не жоқ дейсіз... Келген-кеткен адамдардың пікірлері мен тілектері де, балалардың салған суреттері мен шимай-шатпақтары

өріп жүр. Оны алыс-жақыннан ат басын тіреген жұртқа ұсынудың өзі ұят сияқты.

Бұдан кейін күзетшілер бізді қатар тұрған екінші үйге бастады. Оның төрт бөлмесінің бірінде тамақ әзірленіп, екіншісінде күзетшілер демалып, енді екеуі

қонақ үй ретінде жабдықталыпты. Алайда мұнда бірнешеу емес, тобымен келгендер сыйысып жатпақ түгілі айнала алмайтын сыңайда. Осыны көріп, көңіліміз құлазып сала берді. Іргелес Павлодар облысының Баянауыл ауданындағы Мәшһүр Жүсіптің кесенесі басындағы жағдай мен мұндағы көріністі салыстыруға келмейді. Арасы жер мен көктей.

«Қуыс үйден құр шықпа» дегендей, күзетшілер жайған дастарқаннан дәм ауыз тиіп отырмыз. Әйтеуір, біз келгенде, электр тоғы мен суының бола қалғанын айтсаңшы. Өйтпесе генератор арқылы келетін бұл игілікке кей күндері өз қолдары да жетпей қалатынын жасырмады олар. Бұл жерде аруаққа арнап, құрбандыққа шалатын мал да ұсталмайды екен. Оны өзін алып келген күнде де Мәшекен кесенесі басындағы бай дайын тұрған қазан-ошағы мен қасапханасы, қане?! Сонда деймін-ау, бұқаржыраулықтар алыс-жақыннан қасиетті бабамыздың басына, осынау киелі орынға тағзым етуге келгенде несің көрсетпек? Өлде отыз жылдан бері орайы келмеген шаруа болды деп ақталмақ па?! Ал ертеңдері осы ауданнан бастау алатын жыршы-жыраулардың республикалық сайысына қатысушылар алда-жалда осы жерге келе қалса, Бұқарекеннің бүгінгі ізбасарлары не деп кетпек?! Оларды қайдам, бабамыздың басына отыз жылдан кейін өрекініп келген өзіміздің көңіліміз су сепкендей болып қайтқанымызды айтпай, жазбай қала алмадық.

Бұқар жырау ауданы

• ТӘЛІМ

Аталар институты – тағылым мәйегі

Қазақстан мұсылмандар діни басқармасының жылдық жоспарына сай Қарағанды облысы өкілдігінің ұйымдастыруымен «Аталар мектебі – тәрбие негізі» атты ақсақалдар семинары өтті.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Ислам және ізгі қоғам» жылы аясында өткен семинарға Қарағанды облысының ақсақалдар алқасының мүшелері қатысты.

Семинарда арнайы алғы сөз алған Қарағанды облысының бас имамы Естай Айтуғанұлы ақсақалдардың қоғамдағы мәртебесі жөнінде сөз қозғап, аталар институтының орны айрықша екендігін тілге тиек етті.

– Шараның негізгі мақсаты – бұқараға және жастарға ақыл-кеңес айтатын «Аталар мектебін» құру, – дейді «Ізгі қоғам» бағытының облыс бойынша жауапты меңгерушісі Аманкелді Дәулеткелдіұлы.

– Өнегелі ұрпақ тәрбиесі мен қоғам

жастарына насихат айтып, қазыналы қария сөзімен елді ауызбіршілік пен тұтастыққа тәрбиелейтін аталар мектебі ізгі қоғамның игі бастамасы болары сөзсіз, – деп, бір ауыздан қолдау таңитты қарағандылық ақсақалдар алқасы.

Еске салып өтелік, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының кеңейтілген Төралқа мәжілісінде Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы дін қызметкерлеріне бағдарлық баяндамасын жолдап, 2023 жылды «Ислам және ізгі қоғам» жылы деп жариялады. Басты міндет – қоғамды жақсылыққа үндеп, жамандықтан тосу, ізгі қоғам құруға қадам жасау. Қоғамның тұрақтылығы мен қауіпсіздігін нығайту.

• ӨҢІРЛЕРДІ ДАМУ

Ақтау абаттанады

Кентте су құбыры желілеріне күрделі жөндеу жүргізілуде. Сондай-ақ, көше жарығы тіректтері, жаңадан балалар алаңдары орнатылып, қос қабатты үйлердің қасбеттері мен шатырлары жаңартылу үстінде.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл жылы су құбыры желілерін күрделі жөндеу кенттің ескі бөлігінде де, жаңа бөлігінде де жүргізіледі. Бүгінде 102 құдық толығымен жабдықталды. Жыл соңына дейін орталықтандырылған су жүйесіне 244 абонент қосылады деп күтілуде.

– Екінші дүниежүзілік соғыс қатысушылары ескерткішіне ағымдағы жөндеу жүргізілді. Кенестік уақытта іргелес аумақты абаттандырмай, жүйе ғана шағын тақта орнатылған еді. Жылдар өтіп, плитадағы жазулар жоғалып кетіп, аумақты заманауи қалыпқа келтіру қажет болды. Тұғыр жасап, мемориалдық тақтаны жаңарттық, қаһармандарымыздың есімдерін сырлап жаздық, аумаққа қырлы тас төседік те, сәкілер орналастырдық, – дейді кент әкімі Алтынбек Есмуразаев.

Әкімнің сөзінше, суббұрқаққа ағымдағы жөндеу жүргізіліп, су желісіне

қосылды. Мұнымен бірге Абай көшесінен Мырза бекетіне дейін көше жарығын қалпына келтіру жұмыстары аяқталып, жарықдиодты шамдары бар 81 тірек орнатылды. Ендігіде Новай көшесіндегі жарық жүйесі қалпына келтірілуде. Бұрғылау жұмыстары аяқталды, 64 жарықтандыру тірегі орнату жоспарлануда.

– Восточная, Коллективная және Почтовая көшелерінің жолдарын орташа жөндеу жұмыстары қолға алынды. Қазіргі уақытта фрезерлеу, қиыршық таспен толтыру жұмысы жүргізіліп жатыр. Почтовая көшесіндегі жұмыстар 30%-ға орындалды, – дейді Алтынбек Атабекұлы. – Ақтауда бірінші сәулет көрінісін құру үшін 14 екі қабатты үйдің қасбеті мен шатыры жаңартылууда.

Бұған қоса, Ақтау тұрғындарының өтініші бойынша бес заманауи балалар ойын алаңы орнатылуда. Жұмыс барысы жергілікті атқарушы органдар мен жұртшылық назарында.

Ауыл дамыса, ағайын да көшпейді

Ауылдағы ауыз су өзектілігі әлі жойылған жоқ. Өткен ғасырда төселген су құбырларының осы күні тозығы жеткен. Содан да тұщы судың сапасында сын көп. Су сұраған ауылдықтардың қатары сиреді деуге ерте. Президент мелеп берген уақытқа екі жыл бар. Елдің есінде болуы тиіс. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылы Қазақстан халқын 100 пайыз ауыз сумен қамтуға тапсырған болатын. Шаһарларда бұл жіті назарда. Ал шалғайдағы ауылдардағы ахуал нешік? Шетте су-сап отырған елдің шекесі қашан шылқиды екен? Жасыратыны жоқ, «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы жапандағы жұртшылықтың жағдайын күйтеуді көздейді.

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алып жатқан аумағы жағынан аймақтағы ең бір ірі аудан – Шет ауданы екені мәлім. Түлігін өргізіп, Тәңірден елдің тыныштығын тілейтін қазағы қою қоныстанған ауданның, расында, аумағында, ірі өндіріс орындар, іргелі кәсіпорындар бар. Ауылдық округтерінің де қатары өзге аудандармен салыстырғанда көбірек. Тасжолдың, теміржолдың бойында мекен еткен, тіпті, одан да әрірек, түкпірде түтін түтеткендері де жоқ емес. Олардың бәрінде атақонысын тастап кетпей, ауылдың ажарына алаңдаған ағайын тұрады. Ауыз

судың мәселесі оларды да айналып өтпейді.

Шет ауданында биыл ауыз суға мемлекеттік бағдарлама аясында республикалық бюджеттен 440 млн. теңге қаржы қарастырылған екен. Оған Бұрма ауылындағы су құбыры желілерін қайта жаңғырту жұмыстары жүргізіліп, ауыл тұрғындары толықтай таза ауыз сумен қамтылмақшы. Ұлттық жоба аясында ауданда елді мекендерді сумен жабдықтау нысандарын салу жобалары іске асып жатыр. Су құбыры желілері мен блокты-модульдік станциялардың қондырғылары таза ауыз суды үздіксіз алуға мүмкіндік береді.

Жалпы, ресми өкілдердің ма-



лімдеуінше, Шет ауданында орталықтандырылған су жүйесін пайдалану көрсеткіші артып келеді. Шет ауданының әкімі Мұхит Мұхтаров мемлекеттік бағдарлама кезең-кезеңімен жүріп жатқанын айтады.

– Қазіргі таңда ауыз сумен қамту – тұрғындармен кездесуде

бірінші кезекте айтылатын мәселе. Жобаны іске асыра отырып, аудан мен ауыл тұрғындарын 2025 жылға дейін сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету – міндет. Жағдайға мұқият талдау жасалды. Соның нәтижесінде су тартылатын мекендер анықталды. Ақой, Ақшоқы, Ақбауыр, Қызылқой, Ақсу, Еркіндік,

Пикет ауылдарында су құбырлары төселіп жатыр. Жобалардың сапалы жүзеге асуы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі бақылауында, – деді Мұхит Мұхтаров.

Жоба арқылы 2025 жылы сумен жабдықтаумен қатар, аудан орталығына орталықтандырылған көріз тартуды 100 пайызға жеткізу жоспарда.

Бүгінде Ақсу-Аюлы ауылындағы көріз жүйесі үшін жобалық-металдық құжаттар әзірленгенін айтады аудан әкімі. Облыстық бюджеттен 200 млн. теңге қаржы қарастырылып, құрылыс кезеңмен жүргізілмекші.

Ауыл тұрғындарын алаңдатқан мәселенің бірі көп жылдан бері – осы орталықтандырылған көріз жүйесі еді. Әр үйдің өз ауласынан қазған көріз құдықтары шешім емес.

– Бүгінде ауданның даму бағдарламасына сәйкес жергілікті халыққа қолайлы жағдай жасау мақсатында көріз жүйесі тартылууда. Ақсу-Аюлы ауылында көріз жүйесі құрылысын жүргізу үлкен жаңалық. Өйткені, көріз жүйесі өмірі болмаған. Көріз тартуды халық 5-6 жылдан бері көтеріп келеді. Экологиялық қауіпсіздікті және жер асты суларын қорғау мақсатында орталықтандырылған көріз жүйесінің құрылысы



басталғаны көпшілікке қуаныш сыйлады. Көріз суын сақтау және тазарту қоймаларының жобасы да жолға қойылған екен. Мамандардың айтуынша, ағынды сулар мен қалдықтардың барлығы дерлік органикалық және минералды заттардан тұратындықтан, олар ыдырауға ұшырайды. Қоршаған ортаға зиян келтіретіндер – олар ауаны, топырақты, су қоймаларын және жер асты суларын ластайды. Бұл мәселеден құтылудың қолайлы жолы көріз жүйесін тарту, – дейді ауыл тұрғыны Берікбол Дәулетұлы.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ауыл-аймақты дамыту бойынша тапсырмасын сапалы орындау, ауданның экономикалық-әлеуметтік әлеуетін көтеру бағытында атқарылып жатқан жұмыстар аз емес. Ол үшін жаңа жақты талдаулар жүргізілген. Жергілікті халықтың әл-ауқатын ескере отырып, жұмыстардың басым бағыттары айқындалыпты.

Шет ауданы



• ЖОБА

«Қарағанды — кара өлең»

Қарағандының орталық саябағында әдеби-сазды кеш өтті. Саябақ сахнасында ақындар кеншілер шаһарына арнаған өлеңдерін оқыды, әншілер ән шырқанды. Бұл — Қазақстан Жазушылар одағы облыстық филиалының қалалық әкімдіктің қолдауымен ұйымдастырып отырған кезекті шарасы.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»



Нұрлан Әбилдин, Айбек Байтөре және Эльмира Сайлауқызы мен Салтанат Қайырбек есімді оқырманға танымал ақындар Қарағанды жайлы өлеңдерін оқыды. Ел ішінде «Қара Дәулет» деп даңқы шыққан Дәулет Ырысбайұлының «Қарағандым» әні сазды көпшілік басы болды. Одан кейін шаһардың келбеті мен тарихын мазмұнына арқау өткен өзге де хит туындылар орындалды.

— Шауақты шілденің әр сенбісінде Орталық саябақта қарағандылық ақындар мен әншілер, сазгерлер мен суретшілер кездесіп, шығармашылық байланыс орнатып жүр. Бұл — жақсы үрдіс. Аталмыш



шараға мұрындық болған Қарағанды қаласының әкімдігіне алғыс зор. Жастарды үнемі қолдап жүр. Тамыздың 5-і күні «Қарағанды — кара өлең» жобасының қорытынды кеші өтеді деп жоспарланып отыр. Бұған дейін болған 4 поэтикалық кеш осы жобаның аясында ұйымдастырылды. Жаздың жұпарлы кешінде өтетін осындай рухани кештер келер жылы да жалғасын табады, — дейді «Қарағанды — кара өлең» жобасының авторы Асхат Қажытай.

• КӨРМЕ

Қылқалам ұшында — Ван Гог

Қарағандыда жас талантты суретшілердің көрмесін ұйымдастыру дәстүрге айналған. Сондай жас қылқалам шеберінің бірі — Beautiful art студиясының суретшісі Илья Серезников.

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Он төрт жастағы Илья өз туындыларын «Ван Гогтың жаңғыруы» атты көрмеде көрермендер назарына ұсынады. Көрме 4 тамыз бен 13 тамыз аралығында Қарағанды бейнелеу өнері мұражайында өтеді.

Ол нидерландиялық ұлы суретші, 900-ге жуық картина мен 1000-нан астам эскиз бен литографтардың авторы Винсент Ван Гогтың суреттерінің көшірмелерін салады.

Ол өзінің өмірінде аз танымал болды. Алғаш сурет салуды 27 жасында бастады. Көзі тірісінде «Арльдің алқызыл жүзімі» атты бір-ақ картинасы ғана сатылған.

• ТЕННИС

Жеңіске жеткізген жігер

Астанада мүмкіндігі шектеулі жандар арасындағы үлкен теннистен ел чемпионаты өтті. Бәсекеден 6 жерлесіміз жүлдемен оралды. Рухын спортпен қайраған жеңімпаздарды Арқа жұрты құрметпен қарсы алды.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мүмкіндігі шектеулі спортшылар арасындағы үлкен теннис чемпионаты осымен екінші рет өтіп отыр. Анығырақ айтсақ, жүру қабілетінен айрылған жандар арбада отырып ойнайды. Биылғысына Алматы, Астана, Ақтау, Ақтөбе және Орал мен Шымкенттен 30 үміткер қатысқан. 4 күнге созылған бәсекеде Айшуақ Жетпісова, Айжан Бутимбаева, Айжан Тұрсынова, Әсел Асаубаева есімді қыздарымыз үздік болды. Ерлер арасындағы жарыста Евгений Быков пен Фёдор Старыгин топ жарды. Айшуақ Жетпісова былтырғы чемпионатта алтын алған. Биыл да сол межеден түспей, турнирдің абсолютті чемпионы атанды. Осы біріншілікте, тіпті, жұптық разрядтан да алтын ілді. Жұбы — Айжан Бутимбаева. Ал, Айжан жекедей разрядта қоланы қанжығалады.

Айшуақ Жетпісова бала кезінде арбаға таңылған екен. Үлкен тенниспен айналысқанына бір жыл ғана болған.

Осы спортпен толыққанды айналысу үшін тұрақты жұмысын тастаған. Жеткен жетістіктері үшін арнайы стипендия тағайындалған.

— Әр адам өмірде өзін іздеу керек. Ал, өзін тапқан адам кез келген қиындықты еңсереді. Маған бұл спорт ұнайды. Рух шыңдалады, өмірге деген інкәрілік артады. Осындағы достарыма ерекше алғыс. Бір-бірімізді әрқашан шыңға сүйрейміз, — дейді Айшуақ Жетпісова.

Айжан Бутимбаева 14 жасында жол апатына түсіп, жарақатының салдарынан арбаға таңылған. Бірақ, рухы жаншылмай, еңсесі түспей, бірталай жетістіктерге жеткен. Ракетканы қолына осыдан бір ай бұрын ғана алған екен. Ол чемпионаттан ерекше әсерленгенін айтты.

— Мен спортты жақсы көремін. 14 жасыма дейін үстел теннисін ойнадым. Тағдырдың шалт бұрылыстары мені үлкен тенниске әкелді. Қазір жасым отыз екіде. Бұдан да зор жетістіктерге жеткім келеді. Бойымда күш-қуатым тасып тұр. Чемпионатқа барып, ерекше әсерлендім.

Арбаға таңылған жандардың өмірге деген махаббатын көргенде, жүрегіме күннің нұры түскендей болды. Қандай қиындық болса да, жасмайтын мықты адамдармен достасып, қатарлас жүргеніме қуанамын. Оларға қарап, рухың биіктейді, — дейді Айжан Бутимбаева.

Үлкен теннисті арбада отырып ойнау елімізде былтыр ғана басталған. Бірақ, мамандардың сөзінше, паралимпиадалық спорттың бұл түрі қарқынды дамып келеді. Ақтау, Ақтөбе, Орал қалаларында әлем чемпионатына қатысып, жүлде алып жүргендер бар екен. Қарағанды облысы құрамасының бапкері Набижон Игамбердиев бізде де дарынды спортшылардың буыны жасакталып келе жатқанын айтты.

— Биылғы чемпионаттан жүлде алған спортшылар болашақта үлкен нәтижелер көрсететініне сенемін. Олардың бойында дарын бар. Осы жеткенімізбен тоқтап қалмаймыз. Алға үлкен міндет, мақсаттар қойдық, — дейді Набижон Игамбердиев.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІГАЛЫМ

• ФУТБОЛ

Бір айда төрт ойын

Мыңдаған жанкүйері бар кеншілер өлкесінің мақтанышы «Шахтер» футбол клубы тамыз айында төрт бірдей ойын өткізеді.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алғашқы ойында «Атырау» футбол клубымен алаңға шығуы жоспарланып отыр. Ал, 5 тамызда жерлестеріміз өз алаңында атыраулық клубты қабылдайды. Бұдан бөлек, 13 тамызда сырт алаңда

«Қызылжар» клубымен кездеспек. Сондай-ақ, 19 тамыз күні «Оқжетпес» командасын қабылдаса, 26 тамызда шымкенттік «Мақтаралмен» кездеседі.

Бұл ойындар тарихы тереңде жатқан «Шахтер» командасы үшін өте маңызды. Тек жеңіс тілейміз!



• ЖҰЗУ

Звягинцева — үздік ондықта

Англияның Манчестер қаласында жұптасып жүзуден Әлем чемпионаты өтіп жатыр. Ұлттық құрама сапындағы қарағандылық Наталья Звягинцева жарыстың алғашқы күнінде өнер көрсетіп, үздік ондыққа енді.



Аталған чемпионаттың бірінші күнінде өнер көрсеткен жерлесіміз S6 санында аркамен 100 метр қашықтыққа жүзу бойынша шеберлігін аңғартты. Нәтижесінде, ақтық кезеңге шығып, 1:34.01 нәтижесімен Әлем чемпионатының рейтингінде VII сатыға тұрақтады.

Әлем чемпионатында жұптасып жүзуден Ұлттық құраманың сапында қарағандылықтардан Андрей Афанасьев пен Роман Потапов та бар. Әлем чемпионаты 6 тамызда мәреге жетеді.

• ДЗЮДО

Ардагер чемпион атанды


Алматыда ардагерлер арасында дзюдодан өткен Қазақстан чемпионатында балқаштық Өмірғали Мұхаметжанов ел чемпионы атанды. Ол үш қарсыласын қаны қалдырып, Абу-Дабиде өтетін Әлем чемпионатына жолдама жеңіп алды.

— 14 жасынан спортпен шұғылданамын. Самбодан бастадым. Ойлап отырсам, күрестің төрт түрінен норматив орындапшы. Үнемі жаттығу жасаймын. Жаттықтырушы болғандықтан, әуелі өзім үлгі көрсетуім керек қой. Алдағы әлем чемпионатына дайындық мығым. Мақсат — жеңіспен оралу, — деді ардагер. Бұдан бөлек, спортшы жүзуден, кір тасын көтеруден алдына жан салмайды. Әрі аталған спорт түрлерінен де ел чемпионы болған. Сондай-ақ, белтемірге тартылып, стандартты да еш қиындықсыз орындайтын көрінеді.

• ХОККЕЙ

«Сарыарқа» сапында жаттығуда

Ресми спорттық сайттардың дерегіне сүйенсек, қазақстандық форвард Андрей Буяльский жана маусымға қарағандылық «Сарыарқа» командасымен бірге дайындалып жатыр.



Ол NCAA-да бақ сынайтын АҚШ-тың «Вермонт Катамаунтс» командасы құрамында осымен үшінші маусым өнер көрсетпек. Өткен тұрақты чемпионатта қарағандылық 22 жастағы спортшы 34 ойында 18 (5+13) ұпай жинаған еді.

2021 жылғы Ұлттық хоккей лигасы аясында американдық Колорадо Эвеланш кәсіби хоккей клубы Андрей Буяльскийді жалпы 92-ші нөмірмен таңдап алғанын атап өткен жөн.

Дайындаған
Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС
Директор — Қ.Ж. ӘБІЛДА
Директордың орынбасары —
«Индустриальная Караганда»
газетінің бас редакторы —
О.В. МЯТКИХ
Директордың орынбасары —
Г.Ш. ЖҰМАДИЛДИНОВА
Бас редактор —
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары —
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы —
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы —
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Призерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нура, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтық, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген (®)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalik.kz@gmail.com; ortalik.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalik.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJВK2KХХ БИН 000840001412
Таралымы 4 396
№85 тапсырыс. Индекс 65484
Оффсеттік басылған. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Қызылқандық АСҚАРҚЫЗЫ